


Алаштың  
ардақтылары

Г2008

З81к



Қайсар ӘЛІМ

# МҰНДЫ САПАР

Қайсар ӘЛІМ

**МҰҢДЫ  
САПАР**

хикаят-сапарнама

АЛМАТЫ «АНА ТІЛІ»

1997

ББК 84Қаз7-4

Ә 49

Редакторы *Гүлфайза Турлина*

Ә 49 **Қайсар Әлім.** Мұнды сапар. Хикаят-сапарнама.— Алматы: Ана тілі. 1997, 135 бет.

ISBN 5-630-00551-0

1992 жылдың 1—18 қыркүйегі аралығында Торғай облысынан жасақталған арнаулы экспедиция Міржақып Дулатұлының мүрдесін 57 жылдан соң Карель АКСР-інің Сосновец станциясындағы қабірден алып, туған топырағына — Жанкелдин ауданы М. Дулатұлы атындағы қауымдастықтың орталығына қайта жерлеудің басы-қасында болды.

Қаламгер-журналист Қайсар Әлім осы айрықша жауапты сапарнамаға республикалық «Егеменді Қазақстан» газетінің тапсырмасымен қатысқан еді. Автор егемен мемлекетіміздің тарихындағы осынау алабеттен оқиғадан көзбен көргендерін, алған әсерлерін М. Дулатұлының өмірімен тығыз сабақтастыра отырып баяндайды.

Кітап танымдық, көркемдік тұрғысынан оқырмандар талғамынан шығары сөзсіз.

К 0502000000—110 37—97  
415(05)—96

ББК 84Қаз7-4

ISBN 5-630-00551-0

© Қайсар ӘЛІМ, 1997

---

---

## КЕЛДІҢ БЕ, ӘКЕ КИЕЛІМ

*(Алғысөз орнына)*

Жан әке, мен сенің өміріңнің жалғасындай болып, күңіреніп артыңда қалғанымда тура жиырма жаста екенмін. Шешеміз Гайнижамал екеуіміз тағдырдың талай қатыгездігіне шыдап бақтық. Бір сенің заман алдындағы адалдығың мен ақтығыңды, күнәсіз пәктігіңді «халық жауы» деген жаладан көз жеткізе дәлелдеп, ақтау үшін құдайым бізді ажал шеңгелінен әрдайым аман алып қалған шығар деймін. Тәуба, соған да!

Қырқыншы жылдың басында анамнан айырылған соң, әкешім-ау, жалғыз қызың елу жылдай өмірін іштей өксікпен өткізді ғой. Жұптасқан жұбайым бар, базарым — балаларым бар, сонда да, беу, дүние-ай, ішкенім — іркіт, құсқаным — запыран болды. Күнде таңертең төсектен менімен бірге өмір мен өлім тәжікелесіп, қатар тұрып, киініп жататындай. Маған жарық сәуле сыйлаған, әкешім, халқыңа бақыт сыйлаған Міржақып сол әдейі жасалған түнек-қапаста «қара құзғын» болып мәңгілікке жата бермек пе? Қамын ойлап, құрбаны болған халқың қайда? «Оян, қазақтың» бебеулеген жаралы да зарлы үні жетпеді ме екен құлағына. Жо-жоқ! Олай деуден аулақпын. Іргелі елдермен төбе түйістірген жұртыңды әлем көріп, таныды. Өзіңнің мәңгілік мұратыңа айналған — «Егемен болмай — ел болмастың» шапағаты әр үйдің шаңырағынан нұр төгілдірді. Қуан, әке, осы үшін! Сенің ақ, адал есіміңнің кешеуілдеп ақталғанына халқың — қазағың кінәлі емес, шер мен наладан шеңбер құруға өлер-

дей құштар қызыл империя кінәлі еді. Сол айбынды Одақтың өзінен-өзі оты сөніп, шаңырағы ортасына опырылып түсудің аз-ақ алдында — 1988 жылдың 4 қарашасында мәңгілікке ақталдың, Әке!

Қазағың қазір көзін ашып, басын көтеріп жаппай оянып жатыр, әке! Егемендігінің еркін бір белгісіндей ерен оқиға да осы тұста — 1992 жылғы 1—18 қыркүйек аралығында болғанын қалай мақтан етпеймін. Торғай облысынан жасақталған арнаулы экспедиция мүшелері: алматылық ғалым Марат Әбсеметов, республикалық «Егеменді Қазақстан» газетінің осы облыстағы меншікті тілшісі Қайсар Әлім, Жанкелдин аудандық жастар ісі жөніндегі комитеттің төрағасы Айдар Талпақов, милиция капитаны Серік Асқаров, Арқалық автобус паркінің жүргізушілері — Кеңесбай Меркин және Хамит Райымханов Карель жеріндегі қабіріңнен мәйітіңді аманаттап алып туған топырағыңа мәңгілікке табыстайды. Киелісінің қайтып келгеніне туған елің балаша қуанды. Әкешім, енді сен кіндік қаның тамған жерде тыныстап жатқаныңмен, өшпейтін өміріңнің рухы ұрпақтарыңның ой-санасында жаңғырып жатыр. Жалғыз қызың енді сексенге келсе де өмірге ғашық — жас бала тәрізді, Ғұмыр сүргім келеді, өмір неткен сұлу! Қазағым, қайран жұртым, өмірдің тәттісі де, мәндісі де — алдымызда тұр емес пе, ендеше қазір оянған халыққа опынбастай ойлану тән-ау.

...Әке, 1995 жылдың 8-қазанында Қызбел өңірінде 110 жылдық тойың дүркіреп өтті. Көк күмбезді кесенең мен мұрағатты мұражайың ашылды. Естен кетпестей қуаныштың басы-қасында балам, немеремді ерітіп өзім де болдым. Табытыңның мәрмәрмен өрілген қақпағында «Бірлік жоқ, алты ауызды халықпыз ғой, қатардан сол себепті қалыппыз ғой...» деген өсиет-сөзің өн бойымды шымырлатып, едіреп жібергенде халқым басу айтқан... Әкешім, мен сенің өзіңмен қоса сөзіңді сағынғаннан жылағам. «Халқымды қатардан қалдырмаймын» деп жаққан жүрегіңнің шырағы сөнбейтініне кәміл сенемін.

Алматы, 1996 жыл.

Гүлнәр Міржақыпқызы ДУЛАТОВА

*Міржақып Дулатұлының әруағына  
бағыштаймын.*

Автор

БІРІНШІ БӨЛІМ  
**ОРТАҒА ОРАЛУ**

---

---

## ГҮЛНӘР АПАЙДЫҢ АРМАНЫ

Міржақып Дулатұлы ақталды. Ақ түйенің қарыны жарылды. «Халық жауы» деген қара күйе аспақ ардың бетінен шындықтың қырғышымен мәңгілікке қырылып тасталды. Сөйтіп, қазақтың біртуар асыл азаматы рухани ортамызға сағындыртып оралды. Қомпиып қалдық, көзге жас тірелді, жүрек атойлады...

Жатсам, тұрсам бір ой мені түртпектей береді... «Сарықопаның сағынышты сыңсуы, Қоңыраулының қоңыр әуен ағысы, Қызбелдің қызықтыра қол бұлғаған шындары, қайсыбірін айтарсың — барша сұлулық атаулының мекені — осы туған өңірдің бір аталас перзенттері екенсіңдер, Міржақып туралы келешекке хат жазып қалдыру сенің парызың емес пе?» деп бір әлеуетті үн құлақ түбінде күндіз-түні сарнайды, да тұрады. Бебеулейді берекемді қашыра, бара-бара айбарлы үннен, шыққан күннен ұялып бетімді басатын болдым. Міржақыптың қабырғада ілулі тұрған суретіне әлдеқалай көзім түсіп кеткенде бойым шымырлап, «не бітіріп отырмын осы?» деп сабырсызданамын...

Осындай түңілу, шымырқану үстінде бір күні — 1990 жылдың 3-қаңтарында Қостанайдан Міржақыптың Алматыдағы қызы Гүлнәр апайға отыра қалып хат жаздым... Былай дегенім есімде: «...Ендігі менің ойым айтады, апай,

нағашымның туған жерін, жастық шағын, білім алған ортасын, азамат болып қалыптасқан тұсын, қазіргі бар туған-туыстарын бейнелеп, сипаттайтын танымдық маңызы бар хикаят жазсам деймін. Ол үшін біраз деректер жинақталғанға да ұқсайды. Бергісі Бөпежан апаймен де (Дулаттың екінші баласы Қонысбайдың қызы. Қ. Ә.) сөйлестім. Ол кісі қуатты жүріп жатыр. Өзі 77-де, шалы Шалабай 84-те. Қостанайдың іргесіндегі «Краснопартизан» деген кеншарда тұрады... Баспасөзден әкеңіз туралы естеліктеріңізді оқып жатырмыз ғой, дегенмен де қысқа да болса нұсқа өз қолыңыздан жазылған мөлтек сырларыңызды тізіп берсеңіз екен. Әкеңіз жайлы не білесіз? Бәрін-бәрін рет-ретімен, хронологиялық жүйемен. Сосын қолыңыздағы суреттердің бір-бірден көшірмесін әзірлетсеңіз екен. Әкеге байланысты тағы қандай мұра көздері бар (киім-кешек, күнделікті тұрмыстық дүниелер ме, т. б.) бәрін ескерсеңіз...»

Ал, елденеп хабар-ошар күтейін астана жақтан. Сарсытып барып санама салмақ салғандай болған хат араға алты ай салып үздіктіріп жетті-ау, әйтеуір. Ашып жіберіп, құныға оқысам, былай депті Гүлнәр Міржақыпқызы:

«Қадірлі Қайсар жиенім! Хатыңды алдым, дер кезінде жауап жазуға мұршам келмеді, 20-шы маусымнан бері ауруханадамын. Шынымды айтсам — шаршап, титықтап қалсам керек. Енді-енді денсаулық қалыптасуда. Өзіңді көрген деген қандай жақсы, естігеннен көргенге не жетсін. Ние-тің — кітап жазу деген мәселе мені қуантады... өзіңе тәдірім қуат берсін.

Бұл күнде жасымның ұлғайғаны бар, денсаулығымның мұқалған кезі, мұршамды келтірмеуі қынжылтады. Өткен сұрапыл жылдар жаншып, айтар ойыңды, ішкі сырынды уақытыңда шығара алмай келудің зиянын байқаймын. Әттең, жігер-қайратым барында, сүйікті ақылгөйім Әбенім (Гүлнәр апайдың жұбайы Қ. Ә.) жанымда жүргенде, осы қызықты, енді туып отырған шуақты күндерім сол кезде болсайшы. Бұл тек қиял ғой, енді жалғыз өзіме күш түскен соң амал қанша қолға қалам алудың кезегі келіп отыр. «Жұл-



дызда», оның 6-шы санында менің естелігім басылып шықты, оқып, таныс. Көп нәрсені, Міржақып нағашың туралы Бота-апамның әңгімесі деп, жазып шықтым. Естігенім әлі біткен жоқ, келесі де жеке кітап етіп басылады.

Әбен жездең нағыз бізге жанымен берілген, көп жайды білісіп-түсінісіп кеткен, папамның «Бақытсыз Жамалын» қолына түсіріп алғанда бұл нағыз қиын-қыстау заман-ды. Әкемді, ол кісінің және өз басымды сыйлайтын, шығармаларымен таныс болатын, жоғары баға беріп, мақтанып тұтатын абзал жан еді ғой. Әттең бұл күнді көре алмай кетті. Бар деректерді менің естелігімнен аларсың, қазір жазып беруге мен үшін уақыт тығыз. Бар күшімді салып жазып жатырмын, «Ана тілі» газетіне үлкен материал даярлап жатырмын.

Үлкен жаңалық! Папамның еңбегімен айналысып жүрген ғылыми қызметкер, Академияның әдебиет, өнер институтының талапкері Марат Әбсеметов үлкен жұмыс тындырып қайтты. Міржақып әкемнің Бел. Бал. (Беломор-Балтық Қ. Ә.) каналы бойындағы үш-төрт қалада болып, сонау О. Соловкийге (Соловкий аралы. Қ. Ә.) дейін барып, соңғы қайтыс болған ст. Сосновецтен — байырғы тұрғындардың көмегімен папамның зияратын, (қабірін) тауып суретін әкелді. 7—8 маусымда 1990 ж. О. Соловкийде өткен форумға қатысып, онда жиналған сол кездегі тұтқындармен кездесіп көп жаңалық әкелді. Бұл туралы «Ана тілінде» басылады, оқып таныс. Жергілікті кісілер, ст. Сосновецтің Райсоветінің бастығы куәлендірген документпен оралды, маған топырағын әкелді.

Қайсар! Міне, осындай қуанышты көтере алмай ауырып қалдым, ендігі мәселе мен үшін, ел-жұрт үшін әкемнің сүйегін елге жеткізу, туған топырағына — Қызбелге жеткізіп жерлеу. Бұл менің парызым, міндетім. Бұл жайды ел-жұрт болып ақылдасуымыз керек. Өзің қалай ойлайсың? Академия ст. Сосновецтегі кісілерге алғысын жолдап отыр, ондағылар үлкен құрметпен папамның есімін көшелеріне бермекші. Жақында бәріміз бас қосатын шығармыз, пікірлесу,

танысу, ел-жұртпен кездесу алдағы мақсат, соған жетейік.  
Үй-ішіңе, ел-жұртыңа дұғай сәлем!

Сәлеммен Гүлнәр апаң Міржақыпқызы Дулатова

Алматы, 2-шілде 1990 ж.

## МІРЖАҚЫП ӘЛЕМІ

*Эссе*

### 1. Тұма бұлақ

Мірякуб төмендердің аласасы,  
Сөзімнің бар ма, жоқ па тамашасы.  
Жылтырап тесік моншақ жерде қалмас,  
Қазақша бір роман жаза салшы.

«Бақытсыз Жамал» романынан

...Арқаның жер еркесі — Қызбел төсін түрткілеген қаншама тұма бұлақтар көзін ашып, сыңғырлай ақты десеңізші. Солар ғой енді мама бұлақтар... Өмірмен қапталдаса жарысып барады әлі күнге...

Алпыстың асқарынан асқан Сабыр ағам баяғыда жалаңаяқ жағасыңда жүгірген, зәмзәм суынан мейірін қандырған, өзіне бала кезінен етене таныс бал-бұлақтарды жіктеп ала жөнелмесі бар ма: «Амантай», «Құттыбай», «Шідерлі», «Шелек кеткен», «Шолпы батқан», «Арманда», «Құлан ішкен», «Тас құдық», «Теректі», «Қатын қазған»...

— Бұлақтар да тіршілік көзі, — деді одан әрмен ағам біртүрлі толқи сөйлеп. — Байқаймысың, әрқайсысының атауларында қаншама гәп бар, сыр-бояу бар, керек десең тұр-

мыс-салттың шар-айнасы ғой, жарықтықтар, тек сөз мәніне, астарына жігі үділіп көргейсің.— Ағам бірауық үнсіз қалды да арғы жақтан шертіп тұрған ойларын лекіте салды.— Мәселенки, Міржақып жайлы жазғың келіп жүр екен делік. Жарайды, жазғайсың. Бірақ деймін-ау, сол кісінің ата-бабалары қоныстанған жерлерді де жақсы білу керек қой. Біле-білгенге ол да бір тарих көзі. Талай тылсым оқиға солардың қойнауында тұнып жатқаны мәлім. Мынаны қарашы, Асқар күздігінің жотасында Тәукебай тамы тұр. Асқар, өзің білесің, Дулаттың тұңғышы ғой, Міржақыптың ағасы. Ал, одан әрі жер атаулары Бекбай, Жиенбай, Қарқымбай, Дүзбай болып кете береді. Бәрі де сол Міржақыптың ата қоныстары болған. Осыларды аралап көрсек де артық етпес... Міржақыпты жазар болсаң, оның ақын, жазушы, ғалым, қайраткер екендігін барша ғадам жақсы біледі, сен оның өзгеге бәймәлім жағын жаз. Ол туған өлкеде сен де тудың. Көзбен көргенің бар, естігенің бар, дөп басып айт, шындықтан аттан кетпе. Ұлы кісілер жөніндегі әрбір дерек алтыннан қымбат қой. Қазір Міржақып туралы жарыса жазып жатыр, кейбіріне қарның ашады. Көпе-көрнеу бұрмалап жібереді әділдікті.— Ағам орнынан тұрды да келесі бір бөлмеден ұзындығы бір жарым қадақтай ширатыла бүктелген қағазды асықпай жазып, көрсетуге ыңғайланды.— Бұл — шежіре. Бұлжікейдің Төңтерінікі, Рақан төтемен маған ауысты. Осыдан Міржақыпқа қатысты жерлерін көшіріп алшы, мен таратып отырайын. Біреу білер, біреу білмес. Қане... Мадияр қай тұсында еді. Е, мінекей... Айтқұл, Есболат, Айдабол деп бір қой. Айдаболдан — Байжұмыр, Құлжұмыр, Жаужұмыр, Бесей, Қарабас. Соза беріп қайтесің, Міржақып төдірегін айтайын да. Байжұмырдан Сансызбай, одан Ниязбек, Дулат, Өтеулі туады. Дулаттың балалары: Асқар, Қонысбай, Міржақып, қыздар жағы шежіреге кірмейді ғой, ал, Міржақыптың Зылиха, Қанипа есімді апалары болған. Ақжан деген қарындасы бар.— Үлгеріп отырма осы дегендей ағам қағаздан басын көтеріп маған бір қарады да дауысын соза түсті.— Әл-лл, соныме-ен... Әрі ке-

тейік. Құлжұмырдан шығарайын. Одан Сауытбай туады, Сауытбайдан — Қайырлап, Қасымбек.

— Оу, аға, қай Қасымбек?

— Біздің шешеміз Бодайдың әкесі ғой,— деп ағам бір үлкен шаруа тындырып тастағандай көзін сығырайта қарап отыр.— Демек, Міржақып біздің туған нағашымыз болады.

Мен әлденеге алабұртып мең-зең күйде отырып қалсам керек, ағам ұйқымнан оятқандай болды:

— Мұндай нарқасқа нағашысына қуанар болар еді, сенікі не?!

— Нағашысын жазды деп, біреулер...— Мен қысылығанда не дерімді білмей, осылай сылтауға бассам керек.

Сабыр ағам мысқылдай күлгендей болды:

— Нағашың — күллі қазақ елінің бетке ұстаған біртуар азаматы болған адам. Ал, ондай дәрежедегі адамды насихаттау сенің журналистік парызың ғой, өзгесін былай қойғанда. Сонда... әлі күнге бақай есептен арыла алмай келе жатқанмыз ба? Алаңдамай, еркін жаз нағашынды. Ол дүниеге келген орта, ол ішкен су, жұтқан ауа — бәрі-бәрі ортақ сендерге. Ендеше, қолыңнан келсе мана да ескерттім ғой, неғұрлым тың деректерді ашып жаз. Кіші, елеусіз нәрсе деп, ой елеушіне көп қысым жасай берме. Ұлы адамға қатысты нәрсенің бәрі де әсірелемей айтуға татиды. Осы есіңде болсын.

Біз Міржақып араға алпыс жыл салып ақталғанға дейін, ол туралы әмсе құлағымызға аракідік күбір-сыбыр шалынғаны болмаса, жалпы мағлұматпен ғана шектелген ұрпақтың өкілі едік. 1989 жылғы тамызда Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті комиссиясының түбегейлі шешімінен кейін ғана Дулатов есімін тәңтілікпен айта бастадық. Оған да шүкіршілік. Мұның өзі демократия мен жариялылықтың шапағаты емес пе?! Әйтпесе Міржақып Дулатовтың қоғамдық-саяси, ағартушылық және әдеби-публицистік қызметі жөніндегі тарихи ақиқат жазықсыз жаланың қара күйесінен тазартылмаған да болар еді-ау. Енді піркін, күллі қоғам басына қара бұлт болып үйірілген сол бір зар замандағы зұл-

мат пердені ысырып тастап, ішкі сарайымызға күн нұрын жарқырата төктірсе ғой. Не арман бар?!

Енді қазір ойлаймын, анам байғұс та көкірегіндегі ащы запыранын өзімен бірге ала кетіпті ғой деп. Өзінен жиырма екі жас үлкен ағасы жайлы көзі тірісінде «ләм-мим» дегенін естімеп едім. Жалғыз ол кісі ме еді, ел болып ауыз ашпайтын. Әлде қалай Міржақып есімі атала қалса былайғылар «осының арты не болар екен?» деп үрейленіп отыратын. Санадағы зілзаланың дағын өшіру тау көшіргеннен де қиын шығар.

Алпысыншы жылдардың орта шенінде Міржақыптың ағасы Асқардың қызы Ботагөз (ел іші Бота деп атап кеткен) апай іш жақтан келіп, ауыл-аймақ, ағайын-жұртты аралап қайтты. Кейін біржола қоныстанып, 1988 жылы Алтынсарин атындағы кеңшарда інісі Хамит Әменовтың қолында қайтыс болды. Көп жасап, сексеннің сегізінде өмірден өтті. Бір өкініштісі Міржақып ағасының әрқилы өмірінде бірге дәмдес болған, жақсы біліп, етене жүрген ол да аяулысының ақталғанын көрмей, арманда кетті. Рақымын бермейін десе, тағдырға не жорық. Сол Бота апайдың кескін-келбеті, жүріс-тұрысы, өзін ұстау мәнері жігіт болып қалғанда көргендіктен бе, көзіме айқын елестейді. Орта бойлы, қараторы, өңді, жанары ұшқын атқан кісі еді. Сыпайы сөйлеп, сұлу-кербез мінезімен жұрт көңілінен шығып жүретін. Енді бүгін сол кісінің ағасы жайлы айтқандарына зәру күйдеміз. Рас, «Жұлдыздың» 1990 жылғы алтыншы нөмірінде оның да естелік-лебіздері бар екен, бірақ ол теңіздің тамшысындай ғана әсер қалдырады. Соншалықты мәрт те бай өмірдің үзік-үзік болып жылтыраған жақұт моншақтары ғана іспеттес. Үзілген моншақтардың кетік орындарын толтырар ма еді-ау...

Сол кездері Бота апайдың жасқанып, жаны күйзеліп айтқан кейбір әңгімесін құлағы шалғандар бар екен. Сонда ағасына былайша қысқа баға берсе керек. Міржақып тәтесі (оны осылай атаған) көпшіл, достарына аса сүйікті, әр нәрсенің әділін айтып отыратын сынампаз адам болыпты. Әзіл-

қалжыңға шебер, сөзге шешен, үлкен-кішіге ақылшы екен. Үсті-басын жіптіктей қылып күтіп ұстайтыны жасынан қалыптасқан қасиеті, бірбеткей де өжет мінезі үлкейгенде де қалмаған көрінеді.

Осы Бота апайдың туған інісі Хайдар Асқаров Жітіқара қаласында сексен бесінші жылы қайтыс болды. Соңында Серік, Абылай, Әлішер, Ләйлі есімді балалары қалды. Хайдекең аласа бойлы, қағылез денелі, шықшыты шығыңқы келген, қою шашын шалқасынан қайыратын қара кісі болатын. Үнемі жымиып қана жүруші еді. Ері қайтқанда жеңгей: «Қадірін енді біліп отырмын ғой, тірісінде не маған, не балаларға бір ауыз қатты сөз айтып көрмеп еді, жарықтық» деп күдіренгені бар. Жұмсақ мінезді еді. Бір жолы қызмет бабымен үйіне барып, сәлем бергенімде қалай балаша қуанды десеңізші. Сондағы бір сыр тарта сөйлегені есімнен кетпейді. Тәрдегі ілулі тұрған шынылы суреттерді мезгеп, таныстыра бастаған...» Мынау Бота апаң, Гүлнәр апаңды білуші ме едің, мынау сол кісі, қасындағы ері — Әбен Сатыбалдиев қой... Осылай деп аз-кем үнсіздіктен кейін «Міржақыптың ұрпақтары ғой» деп, ойға батыңқырап барып, кірекеулене бастаған жүзін жылыта қойды.

Сол жолы Хайдекең біраз өлеңдерді жатқа соқты. Жүрекке біртүрлі жылы тиетін, сезімге жатық, көңіл тербейтін қазақтың кәдімгі алтынмен аптаған қара сөздері. «Сендер, бұл сөздердің қадірін қайдан білуші едіңдер» деп қояды аракідік. Енді араға қаншама уақыт түссе де санада сәулесі сөнбеген сол тіркестердің «Бақытсыз Жамал», «Оян, қазақ!» нұсқаларынан алынғанына куәлік етемін қазір.

Хайдекеңнің «Міржақып ағам етженділеу, қаршығадай қаздыған тік тұрпатты, тілінің сәл-пәл кемістігі бар адам екен» деген сөзі де жадымда. Міржақыптың бейнесін ашарлық материал жинастырып жүргенімде ғалым, жазушы Бейсембай Кенжебаевтың мынандай естелегіне назар аударып, Хайдекеңнің әлгі жоғарыдағы пайымдауларының дұрыстығына шүбә келтірмеген едім. Онда былай делініпті: «Міржақып орта бойлы, жуандау келген қараторы жігіт екен. Үс-

тінде ашық жағалы ақ көйлегі бар, белінде ұштарын шап-шақтаған ақ белбеуі бар. Тілін кейде сәл төсеп сөйлейді...»

1990 жылы Қостанайда дүниеден өткен қазақ баспасөз өнерінің ардагері Сары Қазыбековпен қаңтар айында бір пікірлескенімде, Міржақып туралы былай деп еді: «Мен үш жыл КИНО-да оқыдым. Сонда арақидік болса да Міржақып Дулатов «Қазақ тарихынан» сабақ берді. Өткір, боевой кісі еді, бойы менің бойымдай. Мінезі өр, жалтақ емес, тік. Дауысы гүжілдеп шығатын. Киім киісі тәуір. Сәбит Мұқановпен қазақ тарихы жөнінде қызу айтысып жүргенін білемін. Қазақ жазуы арабша, әлде латынша болуы керек пе деген сыңайда да екеуі мәмілеге келе алмай жүрді. Міржақып арабшаны қолдайды, Сәбит болса латыншаны артық көреді...».

Қостанай ауданының «Краснопартизан» кеңшарында тұратын Бөпежан Қонысбайқызымен кездесуім де біраз мағлұматқа кенелте түскендей еді. Ең алдымен Бөпежанның кім екендігінен оқырманды таныстыра кетейін. Дулаттың кіндігінен алты бала өрбігенін жоғарыда айттық. Солардың екіншісі, яғни Асқардан кейінгісі Қонысбай деген кісі екен. Бөпежан соның қызы, Зұлқарнай есімді бірге туған ағасы болған. Оған ақындық дарыған, өлеңдері республикалық газеттерде жарияланып тұрған.

— Менен бес жас үлкен еді,— деп ағасын еске алды Бөпежан.— Мен 1913 жылғымын ғой. Ажал оны 1938 жылы арамыздан алып кетті. Бір баласы бар еді, әкесінен бір ай бұрын өлді.

Бөпежан апай да Бота секілді Міржақыпты «тәте» дейді екен. Тәтесінің отбасымен елге келіп, киіз үй тіктіріп жатқаны еміс-еміс есінде қалыпты. Бірақ қай жыл екенін айта алмайды. Бұл қазіргі қолда бар деректермен салыстырып отырсаң, 1919 жылдың орта шені болса керек.

— Кішкентай болсаң да саңылауым бар шығар,— деп алыстап кеткен жылдарды жақындата түскендей болды апай.— Бір үйге бара қалсақ тәтем бізді — Бота екеуімізді Ғайнижамал жеңешемнен жоғары отырғызады. Бұлардың жолы үлкен дейді. Біз болсақ сол жалғыз ауыз сөзге масай-

рап, үнемі төрді бермейміз. Сондағысы ағаларының қыздарына көрсеткен көзайымдылығы екен ғой. Әдептіліктің төркіні қайда десейші, дәурен-ай!

— Апай, Міржақыптан қалған-құтқан қағаз, сурет дегендей жоқ па еді?

— Жоқ қой, қарағым,— дейді шүйкедей ғана қара кемпір.— Қайдан болсын, түге. Қуғын-сүргінде жүрдік те, оны-мұнысын сақтауға дәрмен жетті ме? Әйтеуір, хатталған сөз өлмейді екен, тәтемнің өлеңдерін құрандай жаңғыртып айтып отырамын.

Осы кезде сөзге шалы Шалабай Өткелбаев араласты. Сексен бесте болса да үні сергек шықты:

— Онанда сен, Сейіт баланың өзіне сурет көрсеткенін айтып бермейсің?

— Ие-ау,— деп Бөпежан апай бетін сипалап өтіп, жүресінен тіктеліп отырды.— Оған да не заман. Онда Сейіттің (жазушы Кенжеахметовты айтып отыр) Қостанайда тұратын кезі, үйінде қонақта болдық.

— Осының ішінен кімді тани алар едіңіз?— деп топтасып түскен бір суретті көрсетті. Телміріп әрі қараймын, бері қараймын. Біреуі көзіме жылыұшырап барады. «Тәңірім-ау, тәтем ғой» деп айқайлап жіберішпін. Көзімде жас, тынысым тарылып барады екен.

— Үстінен түстіңіз, апа!— деп тісін ақсита күліп тұр есімді жисам Сейітім.

— Міржақып тәтеңіз осы. Қара тақиялы ғұламаңыз сол!

Апай сол жолғы әсерінен әлі де айыға алмағандай кейіппен:

— Сейіттің қолында не жоқ дейсің, қағаз-суреттерді айтамын. «Халық жауы» тәтемнің суретін қорықпай-үрікпей үйінде қалай ұстап жүрді екен, айналайын, сол,— деді де кемсендей жөнелді.

...Апайдың көз жасы тұма бұлақтың мөлдір бастауын еріксіз еске түсірді. Жағасы көк шалғынмен көмкеріліп, сон-ау құлдиланған аңғарындағы етегі жасыл құрақтан желбе-



гей жамылып, «бері кел, мейіріңді қандыр» деп ынтызар еткендей ме? Жетейікші сол айдыңға, өліп-өшкен шөлімізді бір басайықшы...

## 2. Ағысты дария

Көшегі Бұхар жырау, Жапақ ақын,  
Шөже, Орынбай — халыққа жайған даңқын.  
Ахмет пен Міржақып һәм Мағжан,  
Алты алаштың баласы біледі атын.

С. Торайғыров

Осы бір өлең шумағын жайдан-жай эпиграф етіп алмаған едім. Оның соңғы екі жолына назар аударып көріңізші. Атышулы үш ақынға деген айырықша ілтипат сезіледі ғой. Жай бір үндестік болар деймісіз. Гәп бар ма? Ардақ тұтар азаматтар есімі жыр өрнегімен қатар өріліп жатса несі мін, қуанарсың қайта. Осыдан таратайын деп отырған менің әңгімем тіптен басқаша сипат алғалы тұр...

1990 жылғы мамыр айының ортасына таман жол түсіп, Жезқазған облысының Қаражал қаласында болған едім. Сонда «Сейілбек Смайылбеков айтыпты» деген мына бір деректі көңілге тоқып алған едік. Желісі мынандай. Сейілбек кезінде Қаныш Сәтбаевпен де үзеңгілес жүрген еліне аяулы азамат болса керек, әлгі үш арыстың абақтыда камералас отырғанда бір-біріне дем берелік шумақтарын ел аузынан жаттап алып, қағазға түсіріпті. Әттең не керек, соның бәрі бертінге жетпей пышырап кеткен... Бұл кезең нәті, Міржақыптың Семей түрмесінде бір жарым жыл отырған тұсы болса керек. Кейін нақты деректерді салыстырып қарағанымда олардың түрме жасын өтеу мерзімі бір уақытқа сәйкес келе қоймайтынын аңғардым. Дегенмен, сырттай жауаптасып, хаттасса да бір-біріне сөзбен дем бергені аян.

Бәрі әлгіндегі эпиграф төңірегінде өрбіп жатыр ғой. Ахаң мен Жақаңның ұлы достығы бүкіл қазақ халқына мәшһүр. Олар бір-біріне лайықты аға-іні бола білген. Талай қиын-қыстау кезеңдерде де алға қойған мақсаттарынан таймай, ақылмен жөбесіп отырған. Соның бір жарқын мысалын Ахаңның інісіне айтқан мына назынан байқаймыз:

Азырақ құлағың сал, ақын інім,  
Ойымыз, рухымыз жақын інім.  
Ағалық правосын қолыма алып,  
Келемін айтайын деп ақыл, інім.

Байқайсыз ба, жүректің тіл қатысқан іңкәр үні ғой. Құр ақылгөйліктен гөрі сыпайылықтың белгісі көрінеді. Үлкен адамдар арасындағы сыйластықтың жөні де алабөтен-ау деген ойға еріксіз қалады екенсің.

Ахаң мен Жақаңның ұлы достығы жөнінде Торғай облысы Жанкөлдин аудандық «Жаңа өмір» газетінің редакторы Әмірхан Абдуллин көптен бері жақсы әңгіменің тиегін ағытып жүр. Міржақып ақталысымен оның туған жері Қызбел өңіріне барып, бірнеше қызықты кездесулер өткізді. Совхоз еңбекшілерімен, мектеп оқушыларымен болған жүздесулерде Торғайдың қос жұлдызының тамшыдай таза, мәрмәрдай берік достығын әр қырынан алып насихаттады. Міржақыптары жазықсыз жала шаңынан дүр сілкініп, таңғы шықтай мөлдір күйінде орталарына оралып келіп отырғанда Әмірханның мына ұзын сонар әңгімесі жұртшылықтың біріне таңсық болып көрінсе, екіншісіне «айтылмай жүр еді, сәті түсті ғой» дегізерліктей ыстық құштарлық туғызды. Сонымен бірге амангелділік ақын Хамитбек Мұсабаев та Міржақып туралы көлемді поэма жазып, өзіндік ғажап қолтаңбасын қалдырды.

Жақаң өзінен мүшел жас үлкен Ахмет ағасының шығармашылығы туралы «сөзі алтын, мағнасы меруерттей» деп ризашылықпен баға береді. Абай шығармаларымен танысуға себепкер болған да Ахаң екендігін мақалаларында

жиі қайталаған. Ғасыр басындағы Абай ізбасарларының көрнекті өкілдері болып саналатын Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып Дулатов арасындағы ізгілікті жарастықтың бізге бәймәлім иірімдері жеткілікті ғой деген өзекті өртер өкінішіміз де жоқ емес. Біз боп, сіз боп сол олқылықтардың орынның толтырсақ қандай жарасымды болар еді. Енді осы тұста Жақаңның «Іс істе, татулықпен басыңды қос» деген нақылға бергісіз өсиеті сұранып тұр емес пе.

Нақыл демекші, Дулаттың Ниязбек деген ағасының шөпшегі Төлеген Ержанов қазір Қызбелде жүргізуші болып еңбек етеді. Сол кісі Міржақып өлеңдерін жатқа айтып отырады, бір жолы төкпелетіп жіберген мәнді тіркестерді қағазға түсіріп алып едім: «Тұрғанда бойда қуат жүрген жақсы, аяғың бір күн қылдан кетер тайып», «Басыңды тауға да соқ, тасқа да соқ, отырма бір орында құр мұңайып», «Жақсымен өткен мәжіліс — бір сағаты бейне жыл». Осылайша ой тереңіне еліктіріп тарта түсетін ұшқыр қайырымдардың ел ішінде ескерусіз қалғандары бар шығар, әлеумет, жинап-теріп, бізді де құлаққағыс етсеңіздер қандай ғанибет.

Асылы, Міржақыптың тілі мірдің оғындай екендігін барша қауым мойындап отыр ғой қазір. Сөз қадірін терең түсінетін, алыстан тербеп, терең толғайтын шешен әркез қазақ тілінің тазалығы үшін басын қандай жазаға да тайсалмай тігіп жүріпті. Біз бүгін өзіміз куә болып отырған «тіл трагедиясы» тауқыметін сол кезде-ақ ерте сезінген ол «аттан!» деп атой салған екен. Оны біреу түсінді, біреу түсінбеді. «Қазақ тілінің мұңы» деген ашық хатында тіл атынан таусыла сөйлеп, былайша зарын төгеді: «Мен заманымда қандай едім? Мен ақын, шешен, тілмар бабаларыңның бұлбұлдай сайраған тілі едім. Мөлдір судай таза едім. Жарға соққан толқындай екпінді едім. Мен наркескендей өткір едім. Енді қандаймын? Кірленіп барамын, былғанып барамын. Жасыдым. Мұқалдым. Мен не көрмедім?»

Енді сол Міржақып ерте қауіптенген апаттан бүгіндері қатты тұралап қалғанымыз соншалық, тіл жөнінен еседірген есімізді әлі жия алмай келеміз. Құрылып жатқан бас-

тауыш ұйымдардың жұмысы бір жүйеге түсіріле қойған жоқ. Қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесі күшіне өнгеннен бері де сол баяғы самарқаулық, енжарлық етектен тартуын қояр емес. Іс қағазын қазақ тілінде жүргізуге «намыстана-тындар» да табылады арамыздан. Ғайыптан қайта тіріліп келсе, осы жөнсіздікке Міржақып не дер еді? «Бетті бас-тым, тұра қаштымның» кері ғой баяғы.

Қазақ тілінің болашағын ойлап, қан жылап кеткен Міржақыптың шығармаларын көпшілік қауымға кеңінен таныстыру арқылы тіл шырайын үстей түсеріміз белгілі. Осы реттен келгенде торғайлық ақын — жыршылардың, партия қызметкерлері мен журналистердің алабөтен ізденісін бөліп айтқан жөн. Бұрынғы аупартком хатшысы Жеңіс Әлжанов, Міржақыптың інісі, ақын Таңатқан Сәтбаев және басқалар асыл ағаларын жанкештілікпен насихаттап жүр. Аудандық газетке бір-бірден бет даярлап бастырды. Бұған Торғайдың самал желіндей жан рақатына бөлейтін ауызекі сөз ажарын қосыңыз. Қайткенде де бәрі Міржақыпты еліне етене таныстыруды мақсат етіпті. Бұдан өткен парыз, борыш болар ма? «Жалақы өзімдікі, қаламақы — халкімдікі» деп, кедей-көпшіктермен санасып өткен Міржақып шығармашылығын бар бояуымен жарқырата көрсетуге баршамыз ат салыссақ айып па?

Осы жерде қазақ мектептері проблемаларына қатысы бар үлкенді-кішілі қызметтегі азаматтарға арнап бір ауыз сөз айтқымыз келеді. Қазіргі оқыту бағдарламасының үлгерімге қиын соғатыны, орысша текстен жасалған тәржіманың тікенектігі көптен бері айтылып жүрсе де тиісті қорытынды шығарылған жоқ. Ал, осындайда М. Дулатовтың «Есеп құралы» оқулығы 1924 жылы Орынбор қаласында басылып шыққандығы еске түседі. Ол бастауыш класс оқушыларының қабілет-қарымына лайықталып жасалынған. Мысал есептер негізін халқымыздың күнделікті тұрмыс-тіршілігінен, дүниетаным әлемінен, тұтынған заттарынан алынып құрылған. Мектеп табалдырығын енді аттаған әр оқушының қызыға, құмарта шешері сөзсіз әрбір есепті. Мысалы, «Екі

құдықтың суы 7 үйір жылқыға жетеді. Бір құдықтың суына 5 үйір жылқы қанса, екінші құдықтың суы неше үйір жылқылық?» Есепке ойланған баланың көз алдында сиқырлы әлем ашылып жатқан шығар...

Әрбір көнекөз қарияның Міржақып туралы естіп, білгені асылдай қымбат. Тыңдаушысы болса сөз де жүлгеленіп, жетімсіремей жетеді. Ал, көз көрген дегеннің жөні тіптен бөлек қой. Оған уақыт жөніндегі аз-кем артық-ауыс кеткеніне күдікпен қарамай, мәселенің мәнін ұғынайық деп, зер салсақ жарасады емес пе. Ендеше Науырзым ауданы «Құстанайский комсомолец» кеңшарының орталығында тұратын дербес зейнеткер Әбду Тұржановтың сөзіне құлақ түріп көрелікші.

— 1919 жылдың шамасы болар деймін, — Әбекең сәл ойланып алды да маған қарады. — Ие, бас кезіңнен ауған тұс. Қайғы ауылының басы ғой. Тапа-тал түсте Естай дейтін мадияр шауып келді. «Келе жатыр» деп енгігін баса алсашы. Алашордашылар қолы екендігін түсіндік. Міржақып бастап, Торғай жаққа өтті дегінін естігенбіз. Сөйткенше болған жоқ, 20—30 адам сау өтіп, сарт-сұрт түсе қалды. Әйелінің мінгені қара жорға екен, бала болсам да әлі күнге көзімді шағады, ондай келісті атты қайтып кездестірмедім.

Қали Қойманов деген ауылдың атқамінері келістіріп қонақ қылды оларды. Үй тіктіріп, тай сойғызды. Қона жатып, ертесіне аттанып кетті. Қазір Міржақыпты қиялыммен еске түсірсем, орта бойлы, толықтау, маңдайлы адамды көргендей боламын.

— Әбеке, Міржақыпты көрген тағы кімдерді атай алар едіңіз? — деп сұраймын зерек қариядан.

Әбекең ойланбай-ақ:

— Өміртай Бесжанов, Сәндібек Барақатов, сосын Оспанның Смағұлы, — деп сәл кідірді де, Октябрь ауданындағы Шалғышы стансасында тұратын Оспанов Мағзұмды атады. Бұларға Баттал Садуақасов пен Хамза Шәмшиевті қосып қойды.

Осындай «қол бастап келе жатқанда көрдік Міржақыпты» деушілер Қызбел өңірінде де кездеседі. Дулатовқа туыс болып келетін Бәйеке Жұмабаев сол жолы аға, жеңгесін, кішкентай Гүлнәрді үйінде қабылдап, қонақ қылған көрінеді. Ал, Жабағыбай Өсіпов деген ақсақал ауыл сыртында Міржақып атты әскерінің ойын ойнап жатқанын тасада тұрып тамашалапты.

— Басында папақысы бар, сұр шинелі жер сызған, белін, кеудесін былғары белбеумен айқұш-ұйқыш тартып тастаған Міржақып кер дөненге керіліп отырғанда адам жүзі қаймығып кете береді екен. Соны көзіміз көрді ғой,— деп Жәкең сақалын бір салалап қойды.

Осы кеңшардың Құмшық бөлімшесінде тұратын Дәкен апай айтады: «Міржақып атпаз адам болған Ботай шұбарын өзгеге қымайтын». Осы тақылеттес сөзді бұдан екі жыл бұрын 92 жасында дүниеден өткен Шайлан Әбілдин де айтыпты. Ол Міржақыптың атқосшысы болған, кезінде оқытам дегесін соңынан өріп жүрген көрінеді.

Тәйір-ай, тірлік неткен қымбат еді... Көп деректі көзі жұмылғандар бірге ала кетті-ау өздерімен. Қолды мезгілінен кеш сермейтін әдетімізден қашан жаңылыс басар екенбіз осы.

...Баяғыда Міржақып шөлін қандырып, мөлдіріне түскен Қоңыраулы өзені бірде екпінді, бірде баяу ағыспен туған жер қойнауында сырға батып, тербетіліп жатқандай көрінеді маған. Ағысыңмен Міржақып үнін бебеулеткен, алыс қырға жаңғыртып жатқан асыл дариясың ғой, сен Қоңыраулы! Атыңнан айналдым.

### 3. Шалқар мұхит

Келешек күнде қағазға,  
Алтынмен жазар атыңды.  
Құшақтап сүйер, қағазда,  
Көрсен жазған хатыңды.

М. Жұмабаев

Алматы, 1990 жылдың 7 маусымы еді...  
Барарымның алдында Гүлнәр апайға телефон шалдым. «Кел, кел, үйдемін» деп жатыр арғы жақтан жұмсақ дауыс. Жүрегім тепкілей жөнелді...

Есік ілгешексіз, қапсырыла салған екен, еппен ашып ішке өнгенімді ешкім де абайламай қалды. Төрге кіргенімде Гүлнәр апайдың бұған дейін радиодан сан мәрте естіп, құлағымның қәдімгідей еті үйреніп қалған ашық та мейірбан үні магнитофон таспасынан леки шығып жатыр екен. Апай оң қолымен жағын таянып, өз сөзін аса зейін қойып тыңдап отыр. Магнитофонды жүргізіп отырған жігітке көз қырымды салып едім, таныс бейне көлбең ете түскені. «Қасқырбай қайдан жүр бұл» деп іштей таңырқап үлгергенімше балкон есігінен жайлап ене берген Мереке інішек күлімсіреп келіп, қос қолдап сәлемдесті. Сол екі ортада Гүлнәр апай да аналарға «тоқтата тұр» дегендей белгі беріп, тыныштықтың орнауын күтпей-ақ мені «Қайсармысың, кел» деп құшағына алып, бауырына басты. Осы биылғы 4 қарашада 75-ке толатын апайыма «сынын бермеген-ау» дегендей, сүйсіне жанар қадап қалыппын. Мойылдай қара шашы толқынданып, сәнін үстемелегендей екен. Өңінен тек қана сәл бір мұңға батқан кейістік табын сөзгендей болдым. Оның да мәнісі бар екен, сыры лезде ашылды.

— Мына бауырларыңды танитын шығарсың? — деді апай әлгі екеуін мезгеп. — Қызбелден ат сабылтып келіп, біраз шаруа тындырып жатыр.

Мен «кеңшар кәсіподақ комитетінің төрағасы Қасқырбай Әміров пен клуб меңгерушісі Мереке Әубәкіровты жақсы білемін ғой» деген сыңайда басымды изедім.

Апай аз сөзбен көп мән ұқтырды. Екеуінің «жауынгерлік тығыз тапсырмасы» бар екен. Жуырда ғана М. Дулатов атымен аталатын орта мектепте аяулы ерге арналып мұражай ашылмақшы. Соның жабдығына қажетті материалдар іздестіріп келген түрлері болып шықты.

— Бұған қуанамын ғой, — деп Гүлнәр апай көзіне жас алды. — Туған елі осындай игілікті қам жасап жатыр екен, қолымдағы барымды аямаспын. Әке-шешеме қатысты елу бес суреттің көшірмесін мұражайға аманат етіп отырмын. Енді мынау қазар радиосы қорындағы естелік-сөздерімді жиыстырып, таспаға қайыра түсіріп алған екен балаларым: соны маған естірткізіп, тексерткізіп отырғаны ғой. «Мұражайдан саңқылдатып қоямыз» дейді айналайындар. Өз сөзімді өзім тыңдағанда әкем есіме түсіп, босаған көңілді тежей алмай отырған жайым бар. Гүлнәр апай жәшік тартпасынан әлдебір дәрі алып, қатырмасын қытырлатып аша бергенінде, анасының жай-күйін сырттай бағып жүрген үшінші баласы — Жаннат шыныаяқпен су әкеліп ұсынды. «Жүректің басытқысы болар, — деп ойладым ішімнен. — Тағдырдың мұндай жүгін көтеру оңай дейсің бе? Қайта, апай мықты екен. Бойы-басын тік ұстап, өршіл күйін сақтағанын қайтерсің. Әкемнің ақтығын, пәктігін айдай әлемге паш етсем деген арман-тілек жігерін жанып, жанын жебеп, күрескерлік рухын шыңдаған-ау, бәлкім. «Алдағы күннің үмітіне сенімді адамның болмысы қартаймайды дегеннің жарқын мысалы да осы шығар...»

Шыныаяқтан суды бір-екі ұрттап қойып апай Жаннатты дұрыстап таныстырып өтті. Астанадағы ғылыми-зерттеу институтында лаборатория меңгерушісі екен, күйеу баласы Ернар екеуі де медицина ғылымдарының кандидаты. Іңкәр атты кішкентайлары бар. Жалпы Міржақыптың Гүлнәр апайдан өніп-өскен төрт жиені бар екен. Үлкені Динар Ташкентте бас педиатор болып істейді, оған тақау Нұрланы Ал-